

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының докторанты Г.А.Махаштың «XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби сыны және оны оқыту әдістемесі (1960-1990 жылдар)» атты диссертациялық жұмысына

АННОТАЦИЯ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта басқа қоғамдық ғылымдар секілді қазақ әдебиеттануы да өзінің жеке ғылым саласы ретіндегі қалыптасу, даму жолындағы жетістігі мен кемшілігіне қайта үңіліп, әділ баға беруге ұмтылуда. Мұның өзі ұлттық әдебиеттанудың бастан өткізген негізгі кезеңдерін, яғни туу, қалыптасу дәуірлерін арнайы зерттеудің, шығармашылық кескін-келбетін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда саралаудың шешуші қадамы болып табылады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтқанда: «Тәуелсіздік бізге бұрын соңды көрмеген орасан зор мүмкіншіліктер берді. ... Біздің санамызды, зейін-зердемізді, жанарымызды тұмшалап келген бірталай көнерген сарқыншақтардан, теріс пайым-ұғымдардан арыла алмағанымызға да күмән жоқ». Расында, азаттыққа қол жеткен соңғы жылдары әдебиетіміз бен тарихымызды зерделеуде жаңаша көзқарастар қалыптасып, дұрыс та, келешегі зор бағыттарға бет бұрдық. ХХІ ғасырға аяқ басқан қазақ әдеби сыны да жан-жақты өсіп, жанрлық жағынан жетілген, мақсат-мұраты мен атқарар қызметі айқындалған, парасатты ой-пікірлер сипатымен ерекшеленеді. Әдеби сынның жеке ғылым деңгейіне көтерілуіне орай оның өзіндік ерекшеліктері, теориялық сыр-сипат, айырым-белгілері жөнінде көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілді. Сондай-ақ, сынның туу алғышарттары, қалыптасу жағдайлары, даму ерекшеліктері жайын, бір сөзбен айтқанда, қазақ әдебиеті сынының тарихын жүйелеу, жанрлық сипаттарын айқындау бағытын ғылыми тұрғыда сараптаған маңызды еңбектер жарық көрді. Бұл тұрғыда, алдыңғы толқын М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаевтардан кейінгі С.Сейітов, З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиев, Ш.Елеуқенов, С.Әшімбаев, З.Серікқалиев, Т.Тоқбергенов, Д.Ысқақов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, Б.Ыбырайымұлы Т.Шапай, т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстары қазақ әдебиеттануы мен сынына қосылған елеулі еңбектер ретінде бағаланады. Дегенмен, қазіргі қазақ сыны бірден осындай қалыпқа жеткен жоқ. Сондықтан қазақ әдеби сынының жеткен биігі мен бүгінгі деңгейін, кемшіліктері мен олқы тұстарын саралап, салмақтап отырудың маңызы зор. Сондай-ақ әдеби сын тақырыбындағы ғылыми зерттеулер ұлттық сөз өнерінің даму жолдары мен эстетикалық, көркемдік-идеялық мұраттарын айқындап, болашақ бағытын белгілеп беріп отыруға айтарлықтай үлес қосады.

Осы тұрғыдан алғанда, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы кезең қазақ әдебиетін салыстырмалы-тарихи теориялық және сын тұрғысынан зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектері бүгінгі таңда арнайы

қарастыруды талап етеді. Өйткені, оларды танып, білу арқылы сол кездегі әдебиеттанудағы ғылыми ізденістерді саралауға мүмкіндік туады.

Ұлттық әдебиетті зерттеу және оны зерттеуші ғалымдарымыздың еңбегін лайықты саралап, тиісті бағасын беру, әдеби шығармалардың ұрпақ тәрбиесіне игі әсерін атап көрсету – уақыт талабы.

Зерттеу нысаны. Ұсынылып отырған ғылыми жұмыстың нысаны ретінде

А.Байтұрсыновтың «Ақ жол» (1991), «Әдебиет танытқыш» (2003), М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы». (1989), Б.Кенжебаевтың «Шындық және шеберлік» (1966), М.Қаратаевтың «Әдебиет және эстетика» (1970), «Көргенім мен көңілдегім» (1982), З.Қабдоловтың «Сөз өнері» (1976), С.Қирабаевтың «Революция және әдебиет» (1977), «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» (1998), М.Дүйсеновтің «Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі» (1962), М.Базарбаевтың «Әдебиет және дәуір» (1966), Ә.Жәмішевтің «Биік мәртебе» (1974), Ш.Елеукеңовтің «Әдебиет және ұлт тағдыры» (1997), С.Жұмағұловтың «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956-1991ж.ж)», Р.Бердібайдың «Замана сазы» (1985), «Тарихи роман» (1997), Р.Нұрғалиевтің «Өнердің эстетикалық нысанасы» (1979), «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» (2002), С.Досановтың «Соны іздер» (1970), З.Серікқалиұлының «Жандауа: Көркемдік ой танымына көзқарас, талдау, толғаныстар» (2004), С.Әшімбаевтың «Шындыққа сүйіспеншілік» (1993), Д.Ысқақовтың «Сын өнері» (2001), «Белес» (2010), «Әдеби сын тарихы» (2012), Т.Жұртбаевтың «Ұраным – Алаш» (2007), А.Ісмақованың «Алаш әдебиеттануы» (2009), «Қазақ совет әдебиеті» (1970), «Қазақ әдебиетінің тарихы. 10-томдық. Кеңес дәуірі». 9,10-том (2005), т.б. әдебиеттанушылық және сыни еңбектер қарастырылды.

Зерттеу пәні. XX ғасырдың екінші жартысындағы көркем әдебиет сыны және оны оқытудың заманауи мәселелері.

Зерттеудің мақсаты:

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеттануы мен әдеби сынға қатысты негізгі ғылыми-теориялық еңбектерді кешенді түрде қарастыру арқылы ғылымның осы күнгі әдіснамалық жетістіктері тұрғысынан тиісті ғылыми қорытындылар жасай отырып оқыту үдерісі;

Міндеттері:

- XX ғасырдың екінші жартысындағы поэзия, проза, драма жанрларының дамуы туралы әдеби сын тарихы мен теориясына қатысты еңбектерді сараптау;
- аталған кезеңдегі қазақ әдеби сынындағы реалистік әдіс, дәстүр жалғастығы, рухани сабақтастық, т.б. әдеби құбылыстар мен ұғымдардың мәнін ашу;
- қазақ әдеби сынының туысқан елдер әдебиетімен байланыстарын нақты мысалдар арқылы дәйектеу;
- XX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби сынның ұлттық педагогикамен сабақтас қырларын ашып көрсету;

- 60-90 жылдардағы сын жанрының қалыптасу, даму үдерістеріне катысты ғылым зерттеулердің жетістіктері мен кемшіліктерін атап көрсету;
- ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынындағы дәстүр жалғастығы, рухани сабақтастық сияқты әдеби құбылыстар мен ұғымдардың мәнін ашу;
- қазақ әдеби сынының туысқан елдер әдебиетімен байланыстарын нақты мысалдар арқылы дәйектеу;
- алаш әдебиеті өкілдерінің рухани мұрасын игерудегі әдеби сынның қызметін ғылыми тұжырымдау;
- әдеби сын еңбектерінің ұлттық педагогикамен сабақтас қырларын ашып көрсету;
- қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдіснамасын қалыптастырудағы алаш қаламгерлерінің игі әсерін жанаша бағамдау;
- көркем шығармадағы образдар арқылы жас ұрпақ санасына адамгершілік-рухани қасиеттерді сіңірудегі әдеби сынның эстетикалық сипатын ашып көрсету;
- әдеби сынды оқыту әдістері қатарында педагогикамен бірге психология, философия пәндерінің сабақтастыра қолдану тәсілдерін назарда ұстау;
- ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынын ЖОО-да оқытудың әдіснамасын әзірлеу, ғылыми-теориялық негіздерін айқындау;
- заманауи білім беру үдерісінде көркем әдебиет сынын оқытудың дидактикалық, жеке пәндік ұстанымдарын негіздеу;
- ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынын оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін жүйелеу;
- қазақ әдеби сынының тарихы мен теориясын оқытуға арналған таңдау пәні бағдарламасын, силлабусын дайындау;
- ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынын оқыту бағдарламасы бойынша кешенді жұмыс түрлеріне талдама жасау;
- қазақ әдеби сынының жанрлық табиғатын айқындайтын ғылыми тұжырымға негізделген эксперимент нәтижелеріне сараптама жүргізу;
- Қазақ әдеби сынының тарихы курсы оқыту барысында игерілетін білім нәтижелерін айқындау.
- **Зерттеу болжамы:** Бүгінгі қазақ әдеби сыны тарихы мен теориясын жоо-да оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалып, оны жанрлық ерекшелігіне қарай меңгертудің ғылыми-теориялық, тәжірибелік әдістемесі жасалса, онда ЖОО студенттері қазіргі қазақ әдеби сынының даму құбылыстарының үдерісін, теориялық білімдерін тәжірейбемен сабақтастырады және әдеби сын жанрларының ерекшелігі туралы қисынды пікір-пайым, сапалы білім алуға мүмкіндік алады. Өз кезегінде бұл қазіргі әдеби сын тарихын теориялық негіздерімен байланыстырады және оны оқытудың әдістемесі көркем әдебиет сынын оқытудың сапалық деңгейін көтеріп, әлемдік білім беру стандарттарына жақындастыруды қамтамасыз етеді. Әдеби сын тарихы курстарында берілетін білім жеке тұлғаға бағыттай

жүргізіліп, рухани-эстетикалық танымын байытады әрі талапкердің немесе оқушының мәдени тұрғыдан кемелдене түсуін қамтамасыз етеді.

– **Жетекші идея:** Жоо студентінің қазақ әдеби сыны пәні бойынша теориялық білімдерін қалыптастыру нәтижесінде сын тарихына және оның кезеңдеріне байланысты іргелі әрі сапалы білім жүйесін, көркем туындыларды талдау және оның поэтикасын сараптай алу, жекелеген әдеби туындыны талдау барысында өзіндік пайымдау мен ой қорыту, қаламгер мен оқырман арасындағы эстетикалық байланысты сезіне білу, заманауи әдебиеттану терминдерін пайдалана білумен қатар, әдеби сын тарихы мен теориясын оқытуда дәстүрлі және инновациялық әдістерді, жаңа технологияларды игеруге мүмкіндік алады.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздері. Зерттеу жұмысында көтерілген мәселелердің ғылыми негізделуі мен шешімін табу - әдебиеттану саласына қатысты зерттеу еңбектерге сүйене жүргізілді. Жұмыс барысында А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, С.Қирабаев, З. Ахметов, З.Қабдолов, Ш. Елеукенов, Р.Нұрғалиев, С.Әшімбаев, З.Серікқалиев, С.Абдрахманов, Б.Әбдіғазиев, Ж.Дәдебаев, З.Бисенғали, Д.Ысқақов, Ж.Смағұлов, Ө.Әбдіманов, Б.Ыбрайымов, А.Көшімбаев, Т.Ақшолақов, Қ.Тасболатов, Қ.Бітібаева, Б.Сманов, Р.Құтқожина, С.Мақпырұлы, Қ.Мырзағалиев, С.Қалиев, Ғ.Смағұлова, Т.Жұмажанова, Б.Жұмақаева, Н.Дөкенова, Б.Әрінова, Ж.Дәулетбекова, Г.Құрманбаева, т.б. қазақ ғалымдары мен Ресей зерттеушілерінің тақырыпқа сай жазылған ғылыми пікірлері, ой-тұжырымдары негізге алынды. Сонымен бірге В.Белинский, М.Горький, А.В.Луначарский, Д.С.Лихачев, М.Бахтин, А.С.Бушмин, В.М.Крюков, Л.А.Булаховский, О.П.Пресняков, В.В.Юдинцев, В.С.Библер, П.А.Николаев, А.С.Курилов, С.И.Машинский, Л.М.Землянов, В.В.Виноградов, В.И.Кулешовтің, В.П.Муромскийдің, Б.Егоровтың, В.Д.Фролов, Г.Л.Абрамович, Ю.Борев, сынды орыс ғалымдарының жанр құбылысы, драматургия жанры туралы еңбектеріндегі теориялық қағидалар қарастырылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысында әдеби талдау, жинақтау, тарихи-салыстырмалы және кешенді-түсіндірмелі әдістер қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертацияның жаңа пайымдаулары төмендегідей нәтижелерден байқалады:

– ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынына байланысты отандық зерттеушілердің еңбектері алғаш рет тәуелсіздік кезеңіндегі ғылыми ұстанымдар тұрғысынан жүйеленіп, ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі өзегін құрады;

– ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынының дамуы ұлттық педагогика мен философия және психология негіздерімен үйлестіріле талданды;

– Қазақ әдеби сыны бойынша зерттеулер әдеби байланыстар контексінде қарастырылды;

– Жұмыста А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды алаш зиялыларының қазақ әдеби сыны мен ұлттық педагогика және психология ғылымдарының қалыптасуы мен дамуына қосқан еңбектеріне ерекше маңыз берілді;

– Қазақ әдебиеттануы мен сынының Кеңес дәуіріндегі руханият пен қоғамның идеялық және әдеби-эстетикалық санасының дамуына қосқан үлесі тарихи-салыстырмалық тұрғыда жан-жақты сарапталып, тиісті деңгейде бағаланды;

– Әдеби сынды оқыту әдістемелері, оның зерттелу, қалыптасу жолдары анықталып, әдеби образдар арқылы рухани мәдениетті қалыптастыру жолдары көрсетілді;

– Қайта құру, жариялылық кезеңі, алаш зиялыларының ақталуы және тәуелсіздік қарсаңындағы әдеби сын жанрларының жетістіктері, олардың ұрпақ тәрбиесіне тигізер оң ықпалы туралы ғылыми талдаулар жасалды;

– ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынын оқытудың инновациялық әдістемелері – ұсынылып отырған жұмыстың негізгі жаңалықтарының бірі.

Зерттеудің теориялық мақсаты: Қазіргі әдеби сын тақырыбындағы зерттеулерді талдау барысында тұжырымдалған ой-пікірлер, пайымдаулар мен қорытындылар қазақ әдеби сынының тарихын оқыту әдістемесін теориялық тұрғыдан толықтырады, сонымен бірге әдеби сынды оқытуда инновациялық тәсілдер мен жаңа технологияларды пайдаланудың маңызды әрі қажеттігіне назар аудартады. Зерттеудің теориялық нәтижелерін гуманитарлық бағыттардағы мамандықтарда, әсіресе, әдебиеттану мамандарына қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын жасауда пайдалануға болады.

Зерттеудің практикалық мақсаты: Зерттеу материалдарын мектептің әдебиет сабақтарында, ЖОО-да әдеби сынды оқыту әдістемесі пәнінен дәріс, семинар сабақтарында, өздік жұмыстарда, аудиториядан тыс іс-шараларда, үйірме, секцияларда, әдебиетші мұғалімдердің білім жетілдіру курстарында пайдалануға болады.

Диссертанттың жүргізген зерттеу нәтижелерінің қорытындысы әдебиеттану, педагогика, психология, әдебиетті оқыту әдістемесі пәндерінің жаңаша зерттелуіне тірек бола алады.

Эксперименттік база ретінде Алматы қаласы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушы профессорлар құрамы қатыстырылып, «5В011700 – қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курсы алынды.

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді:

1-кезең. (2013-2014) зерттеу тақырыбының ғылыми аппаратын жобалау, ғылыми-теориялық базасын анықтау, зерттеудің мақсат-міндеттерін айқындалып, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттанушылардың сыни еңбектеріндегі ғылыми-теориялық ой-пікірлері талданып, әдеби сын

мәселерін қарастырған бірқатар ғалымдардың зерттеу жұмыстарына сараптаулар жасалды.

2-кезең. (2014-2015) қазақ әдеби сынының жанрлық ерекшеліктерін анықтау үшін А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Т.Нұртазин, М.Қаратаев, М.Базарбаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Ш.Елеукенов, З.Серікқалиев, Т.Тоқбергенов, Д.Ысқақов, Б.Майтанов, Б.Ыбырайымұлы т.б. ғалымдарымыздың көркем әдебиет сыны мен теориясына қатысты зерттеулеріне әдеби талдау, жүйелеу, тарихи-салыстырмалы әдістер негізінде ғылыми жұмыстар жүргізілді. Зерттеу жұмысының мазмұнына орай бірнеше жарияланымдар жасалды. «5B011700 – қазақ тілі мен әдебиеті», «5B020500 – филология» мамандықтары студенттерінің сабақтарына қатысу арқылы оқу үдерісіне бақылау жасалды. XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сыны тарихы пәнінің негіздерін оқытатын таңдау курсының қажеттілігі, курстың оқу-әдістемелік кешенін жасаудың маңызды қырлары анықталды.

3-кезең. (2015-2016) әдеби сынды оқыту тәжірибесі бойынша қорытынды жасалып, сол бойынша әдістеменің эксперименттік нәтижелері мен жетістіктері тұжырымдалды. «Қазақ әдеби сынының тарихы» таңдау курсына сын тарихы мен көркем әдебиет сынының ғылыми-теориялық және әдістемелік аспектілері негізделді. Жүйеленген материалдар ғылыми зерттеу жұмысы ретінде рәсімделді.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде жасалған тұжырымдар:

– XX ғасырдың II жартысындағы қазақ қазақ әдебиеті мен әдеби жанрлардың дамуы және олардың бағыттары мен ағымдарын анықтау барысында сыни еңбектердің маңызы зор;

– XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби сыны көркемдік дамуда ғана емес, жалпы қоғамдық ой-пікірдің өрістеуінде де маңызды роль атқарды.

– коммунистік жүйенің саяси қысымына қарамастан, қазақ әдеби сыны ұлттық сипаттарымен ерекшеленеді. Алаш қаламгерлерінің туындыларының ұрпақ тәрбиесіндегі құндылығы және рухани мұраны ғылыми оралымға енгізуде қазақ әдеби сынының ролі басым болды.

– әдеби сынды оқыту әдіснамасын қалыптастыруда ұлттық педагогикамен қатар, философия, психология ғылымдары елеулі қызмет атқарады. «Қазақ әдеби сынының тарихы» курсына студенттерді инновациялық әдістер арқылы оқыту интеллектуалды-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда жоғары нәтижелерге жол ашады.

Зерттеу нәтижелерін сыннан өткізу мен ендіру: Диссертациялық жұмыстың теориялық мәні мен мазмұнының тұжырымдарын құрайтын мәселелер бойынша ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті белгілеген республикалық ғылыми басылымдарда жарияланды. Сонымен қатар Scopus базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымдарда, халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинақтарында баяндалып, мақұлданды.

Диссертация құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.